С.Қ. Сәкенов
Б.А. Сиражева
Е.Ж. Рахманқұлов

https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.2.129.134

Серғазы Қайырбекұлы Сәкенов[1], sergazi_82@mail.ru,
Бұлбұл Аронқызы Сиражева[1], bsirazheva@mail.ru,
Ерболат Жақсыбекұлы Рахманқұлов[1], mr.doublecherry@mail.ru
[1]«Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы,
Астана қ., Қазақстан

Ортағасырлық Бытығай қаласында жүргізілген археологиялық зерттеулер*

Солтүстік Сарыарқаның ортағасырлық археологиялық ескерткіштерінің зерттелуі әркелкі болып келеді. Ең аз зерттелген аумақтарға Теңіз-Қорғалжын көлдер жүйесінің аумағы мен Нұра өзенінің жоғарғы ағысы жатады. Қорғалжын ауылынан бір шақырымдай жерде орналасқан Бытығай ортағасырлық қала жұртына 2022 жылдың далалық маусымында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Ескерткіш аумағында қалашықтың өндірістік орамдары, мазарлар мен жерлеу орындарына қазба жүргізілді. Мазарда және өнеркәсіп орамында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде күйдірілген кірпіштің алты түрі (ою-өрнекті глазурьсіз, әшекейлі, глазурьмен қапталған, т.б.) анықталды. Стратиграфиясына, кірпіштерінің әрленуіне және қабірден табылған бұйымдарына жүргізілген талдаулардың нәтижесінде зерттелген нысан XIV–XVI ғғ. мерзімделді.

Түйін сөздер: Теңіз-Қорғалжын ойпаты, Бозоқ, орта ғасырлар, қалашық, археологиялық зерттеулер

Сергазы Кайырбекович Сакенов[1],
Булбул Ароновна Сиражева[1],
Ерболат Жаксыбекович Рахманкулов[1]
[1]Государственный историко-культурный музей-заповедник «Бозоқ»,
г. Астана, Казахстан

Археологические исследования средневекового городища Бытыгай

Археологические памятники эпохи средневековья Северной Сарыарки изучены неравномерно. К наименее исследованным территориям можно отнести территорию Тенгиз-Коргалжынской системы озер и верховья реки Нуры. В полевом сезоне 2022 г. проведены раскопки средневекового городища Бытыгай, расположенного в 1 км от с. Коргалжын. На территории памятника проведены раскопки производственного квартала городища, мавзолеев и погребальных объектов. В результате проведенных археологических раскопок мавзолея и производственного квартала выявлено шесть типов обожженных кирпичей (с орнаментом без глазури, орнаментированные, покрытые глазурью и т.д.). Согласно стратиграфии, декору кирпичей и анализу погребального инвентаря исследованный объект датируется XIV–XVI вв.

Ключевые слова: Тенгиз-Коргалжынская низменность, Бозок, средневековье, городище, археологические раскопки

© 2023 г. Сәкенов С.Қ., Сиражева Б.А., Рахманқұлов Е.Ж.
**Жұмыс Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде № BR10164212 жобасы аясында орындалды*

Sergazy Sakenov[1],
Bulbul Sirazheva[1],
Yerbolat Rakhmankulov[1]
[1]«Bozok« state historical and cultural museum-reserve,
Astana, Kazakhstan

Archaeological researches of the medieval settlement Bytygai

Archaeological sites of the medieval period in the Northern Saryarka have been studied unevenly. The least explored areas include the territory of the Tengiz-Korgalzhyn lake system and the upper reaches of the Nura River. In the field season of 2022, excavations were carried out at the medieval settlement of Bytygai, located 1 km from the village of Korgalzhyn. Excavations were carried out in the production quarter of the settlement, as well as in mausoleums and burial objects. As a result of the archaeological excavations of the mausoleum and production quarter, six types of burned bricks were identified (with ornamentation without glaze, ornamented, covered with glaze, etc.). According to stratigraphy, brick decoration and analysis of burial inventory, the investigated object dates back to the 14th–16th centuries.

Keywords: Tengiz-Korgalzhyn lowland, Bozok, Middle Ages, ancient settlements, archaeological excavations

Кіріспе. Солтүстік Сарыарқа қазақ даласының ең бір киелі өлкесі. Әсіресе Теңіз-Қорғалжын ойпаты табиғаты келісті, соған сәйкес тарихы да терең жер. Осындағы Нұра өзенінің Теңіз-Қорғалжын көлдер жүйесіне құйылатын тұсындағы 60 шақырым аумақтан зерттеушілер ерте темір дәуірінен этнографиялық кезеңге дейінгі 35 шақты ескерткішті анықтаған. Бұлар қоныс типтес ескерткіштер, жекелеген қорғандар, қыстаулар және стилі мен сәулеті жағынан әртүрлі болып келген, шикі кірпіштен соғылған, XV ғ. мерзімделетін қазақ кесенелері.

Ортағасырлық Бытығай ескерткішінің өзі Нұраның сол жағалауында, Ақмола облысына қарайтын Қорғалжын ауылынан шығысқа қарай 1 шақырым жерде орналасқан. Ескерткіштің тұрған жері Сарыарқаның солтүстігі, ол тұста бірқатар аласа таулар, ұсақ шоқылар және далалық жерлер бар [Вилесов, Науменко, Аубекеров 2009: 92; Бейсенов 2000: 113–116], осы жерге XIX ғ. тұрғызылған кесененің сызбасы Ш.Ш. Уәлихановтың сызбаларында келтірілген [Валиханов 1964а: 29–34; Валиханов 1964б: 34].

Қала қалдықтарын зерттеу Бытығайдың ежелде қазақ даласы сәулет ескерткіштерінің арасындағы бірегейі болғанын көрсетіп отыр.

Нұраның төменгі ағысын бойлай, қазақ даласының кіндік тұсында орналасқан, осы өлкенің тұмса табиғатымен тұтасып жатқан сәнді ғұрыптық ескерткіштерді айрықша жер-су аттарымен үйлестірген кезде бұл жерде Алтын Орда мен Қазақ Хандығы дәуірлерінде мінәжат орталығы болған деген болжам жасауға мүмкіндік береді.

Бұл мақалада Бытығай археологиялық нысанында 2022 жылы жүргізілген зерттеулер нәтижесі келтіріліп отыр.

Зерттеулер. Бытығай археологиялық жасағы 2022 жылғы далалық маусымда Бытығай ортағасырлық ескерткіші аумағында жалпы көлемі 296 ш.м. болатын қазба жұмыстарын жүргізді. Бір мезгілде төрт қазба түсірілді. Бірінші қазбада 2021 ж. далалық маусымда басталған зерттеулер [Сакенов и др. 2021: 267–283] жалғасын тауып, екінші және үшінші қазбалар Ұлық Ұлыс кезеңі мазарларының қалдықтарын қамтыды. Төртінші қазбада Алтын Орда дәуірінің жерлеу ескерткіштері, ал бесіншісінде – Нұра өзенінің оң жағалауында, шаруа қожалығының аумағында орналасқан кірпіш күйдіру пештері зерттелді. Бұл археологиялық нысандардың барлығы ортағасырлық қалашықтың құрылымдық элементтері болып табылады.

II қазба. Қазба аумағы 22×10 м құрады (1-сур.). Бұл жерден 25×25×5 м өлшемдегі күйдірілген кірпіштен қаланған мазардың едені толығымен ашылып, кірпіштің сынықтары көптеп табылған. Сақталған еденінің арқасында 2×4 м болатын шағын мазардың өлшемін анықтауға мүмкіндік туды. Еденнің астын тазалап, бекітіп болғаннан кейін де қабір орны табыла қоймады. Жерлеу орнын табу үшін, қазбаны бұрынғысынан кеңейтіп, кеңірек қазбалау туралы шешім қабылданды. Мазардың жанындағы жерлеу орны осы әдістің арқасында анықталды. Қабір мазардың еденінен оңтүстікке қарай екі метр жерде орналасқан. Ұзынша келген жақтары солтүстік-



1-сур. Бытығай қаласы. II қазба. Мазардың ені және қабірдің сұлбасы
Fig. 1. The Bytygai urban site. The width of the mausoleum and the scheme of the grave pit
Рис. 1. Городище Бытыгай. Ширина мавзолея и схема могильной ямы

батыс-оңтүстік-шығысқа бағытталған бейіт орны -0,30 м деңгейден табылды. Топырақтан тұрғызылған қорымның өлшемі 2×0,60 м. Ал қабірдің тереңдігі 1,67 м болып шықты. Жерленген адам басын батысқа қаратып шалқасынан жатқызылған. Мүрдені екі қолын кеудесіне қусыртқан күйінде жерлеген. Білек тұсынан өте нашар сақталған білезік сынықтары табылды. Қабірге басқа ешнәрсе қойылмаған. Алдын ала зерттеу мәліметтері бойынша, жерлеу ерте мұсылмандық кезеңге жатады және XII–XIII ғғ. мерзімделеді.

III қазба. Аумағы 5×6 м болады (2-сур.), Бытығай кесенесінен оңтүстікке қарай 30 м жердегі дөңесте орналасқан. Жер бетінен бір қатар етіп қаланған қалыпты өлшемдегі кірпіштер анықталды. Тас қалаудың ұзындығы 1 м-ден аспады, солтүстік-оңтүстікке бағытталған. Бұл жерден табылған қабір 0,20 м тереңдікте орналасқан және материктен алебастр толтырмасымен ерекшеленіп тұр. Топырақты қабір шұңқырының өлшемдері 2×0,90 м болды. Қабір шұңқырының ұзынша келген жақтары батыстан шығысқа бағытталған. Қабір жабындысы 0,65 м тереңдіктен тіркелген. Жабындылар диаметрі 0,60 м болатын екі дөңгелек гранит диірмен тасынан, сондай-ақ жұқа тақтастардан тұрады. Бұл жабынды анық байқалып тұр. Саңылауларды жабу үшін күйдірілген кірпіш пен жалпақ тақташалар қосымша пайдаланылған. Жерленген адам 1,75 м тереңдіктен табылды. Ол шалқасынан жатыр, екі қолы екі қапталында, басы батысқа қаратылған. Оң қолының сұқ саусағынан in situ күміс сақина табылды.

Мынадай археологиялық фактілерді атап өту керек: марқұмның бас сүйегінің маңайында және арқа тұсында шаш қалдықтары сақталған. Жаратылыстану бағытындағы ғылыми талдаулар жасау үшін осы жерден шаш үлгілері алынды. Тағы бір қызықты дерек, марқұмның құрсақ тұсынан нәрестенің қаңқасы аршылып алынды. Жерленген әйел жүкті болған және өлімге жүктіліктің мерзімінің асып кетуі себебі болуы мүмкін. Жерлеу Алтын Орда заманына жатады.

IV қазба. Аумағы 6х5 м болатын бұл қазба (3-сур.) осы қорым кіретін қалалық округтің шекарасын анықтау мақсатында жүргізілді. IV қазба Бытығай кесенесінен шығысқа қарай 200 м жерде орналасқан. Бұл жерде өсімдіктері әдеттегіден тығыз өскен шағын ойпат табылды. Қазбаның өлшемдері 6×5 м құрайды. Жердің беткі шым қабатын аршыған кезде 0,25 м тереңдіктен орта тұсы қираған шет-шеттері ғана сақталған кірпіш төсемесі шықты. Бір қатар етіп қаланған тікбұрыш кірпіш төсеменің өлшемі 2×1 м. Еден кірпіштерін қалау және сылау үшін ғанышты



2-сур. Бытығай қаласы. III қазба. Қабір 3, екі диірмен тасымен жабылған жерлеу камерасы
Fig. 2. The Bytygai urban site. Excavation trench 3. Grave 3, a burial chamber covered with two millstones
Рис. 2. Городище Бытыгай. Раскоп 3. Могила 3, погребальная камера перекрытая двумя жерновами



3-сур. Бытығай қаласы. IV қазба. Қабір сұлбасы және еденнің кірпіш төсемесінің қалдықтары
Fig. 3. The Bytygai urban site. Excavation trench 4. The scheme of the grave and the remains of the brickwork of the floor
Рис. 3. Городище Бытыгай. Раскоп 4. Схема могилы и остатки кирпичной кладки пола

пайдаланған. Кірпіш төсемені аршығаннан кейін ғаныш қоспасы бар қайта шөгілген топырақпен ерекшеленетін қабір орны анықталды. Қабірдің ұзын жақтары қатаң түрде батыстан-шығысқа бағытталған. Топырақты қабірдің өлшемі 2×0,65 м, 1,65 тереңдіктен марқұмның қаңқасы толығымен тазартылып алынды. Жерленген адам шалқасынан, созылыңқы күйде, қолдарын қос қапталына жіберген күйі қойылған. Басы батысқа қаратылған. Қоса жерленген заттары жоқ, Алтын Орда кезеңімен мерзімделеді.

V қазба. Ауданы 4×4 м құрайды, Бытығай кесенесінен батысқа қарай екі шақырым жерде, Нұра өзенінің оң жағалауында орналасқан. Нысан кірпіш күйдіру пештерінің жүйелік қатарының бір бөлігі болып табылады.

Ескерткіш аумағынан болашақта тиімді жаратылыстану-ғылыми талдаулар жүргізуге мүмкіндік беретін жақсы антропологиялық материалдар жинақталғанын айта кеткен жөн. Нысанның абсолютті мерзімін анықтау үшін шетелдердің жетекші зертханаларында радиокөміртекті талдау жүргізу, сондай-ақ отандық биозертханалармен бірлесе отырып палеогенетикалық талдаулар жасау жоспарлануда. Табылған жәдігерлерді одан әрі зерттеу Сарыарқаның ортағасырлық мәдениеті мен өнерін зерттеуге тың үлес қосары сөзсіз.

Қорытынды. Стратиграфиясын, кірпіштерінің сәнделуін және қабірішілік бұйымдарын талдау арқылы зерттелген нысан XIV–XVI ғғ. мерзімделді. Осы материалдарды сараптау арқылы біз Нұра өзенінің төменгі ағысын бойлай жатқан жерлер құрылыс және сәулет өнерінің майталмандары өмір сүрген ірі орталықтардың бірі болды деген қорытындыға келдік, бұл қоғамның экономикалық дамуының жоғары болғандығын да білдіреді.

Бұл деректер орта ғасырларда Теңіз-Қорғалжын өңірінде қуатты өндіріс ошақтары бар қала мәдениеті дамыған деген ғылыми болжамды растайды. Тас тақташа әзірлеуге қажетті жағдайдың жасалуы және өндірістің бұл түрінің технологиялық процесінің күрделі болуы Сарыарқаның ортағасырлық шеберлерінің кәсіби біліктілігін айғақтайды. Қымбат құрылыс материалдарын пайдаланатын құрылыстардың салынуы сол кездегі қоғамның жеке тарихи тұлғаларының әлеуметтік мәртебесінің жоғары болғандығына дәлел бола алады.

ЛИТЕРАТУРА

Бейсенов А.З. О значении термина «Арка» в ареалах расселения тюркоязычных народов Среднеазиатско-Казахстанского региона // Ош и Фергана: археология, новое время, культурогенез, этногенез / Отв. ред. В.М. Массон. Бишкек: Мирас, 2000. С. 113–116.

Валиханов Ч.Ч. О киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще / Собрание сочинений в пяти томах. Т. 3. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1964а. С. 29–38.

Валиханов Ч.Ч. Несколько маршрутов Потанина / Собрание сочинений в пяти томах. Т. 3. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1964б. 663 с.

Вилесов Е.Н., Науменко А.А., Аубекеров Б.Ж. Физическая география Казахстана: учебное пособие. Алматы: Қазақ университеті, 2009. 362 с.

Сакенов С.К., Кукушкин А.И., Бурбаева С.Б., Букешева Г.К., Рахманкулов Е.Ж. Исследование средневекового производственного цеха на городище Бытыгай // Теория и практика археологических исследований. 2021. Т. 33, № 4. С. 267–283. DOI: 10.14258/tpai(2021)33(4).-15.

REFERENCES

Beisenov, A. Z. 2000. In: Masson, V. M. (ed.). *Osh i Fergana: arkheologiya, novoe vremya, kulturnogenez, etnogenez (Osh and Fergana: archaeology, modern times, cultural genesis, ethnogenesis).* Bishkek: “Miras” Publ., 113–116 (in Russian).

Valikhanov, C. C. 1964**a**. *Sobranie sochineniy v pyati tomah (Collected works in 5 vol.)*, 3. Alma-Ata: Kazakh SSR Academy of Sciences (in Russian).

Valikhanov, C. C. 1964**b**. *Sobranie sochineniy v pyati tomah (Collected works in 5 vol.),* 3. Alma-Ata: Kazakh SSR Academy of Sciences (in Russian).

Vilesov, E. N., Naumenko, A. A., Aubekerov, B. Z. 2009. *Fizicheskaya geografiya Kazakhstana: uchebnoe posobie (Physical geography of Kazakhstan: a textbook)*. Almaty: “Kazakh University” Publ. (in Russian).

Sakenov, S. K., Kukushkin, A. I., Burbayeva, S. B., Bukesheva, G. K., Rakhmankulov, E. Z. 2021. In: *Teoriya i praktika arkheologicheskikh issledovaniy (Theory and practice of archaeological research)*, 4 (33), 267–283 (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 28.02.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 28.03.2023.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. / The authors have made an equal contribution to the work.